

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры



Мурат Н.

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің 2020 – 2021 оқу жылына арналған жоспары

р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Тамыз - Қыркүйек			
1	Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу. Бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.	26.08.20	ӘБ жетекшісі
2	Күнтізбелік- тақырыптық жоспарларды тексеру.	26.08.2020	ӘБ жетекшісі
3	Дарынды, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын құру. (Папка тұрғызы).	26.08.20	Бастауыш сынып мұғалімдер.
4	Мектеп құжаттары оқушылардың жеке іс-құжаттарын тіркеп реттеу	26.08.20	Бастауыш сынып мұғалімдер.
5	Электрондық журналдарын толтыру бойынша нұсқаулықпен таныстыру, толтыру	6.09.20	ӘБ жетекшісі
6	Тіл мерекесін өткізу «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі».	қыркүйек	Бастауыш сынып мұғалімдері
7	Көрнекілік құралдарын жаңарту. Қосымша жұмыстармен папкаларын дайындау. (Тест,карточкалар, бас қатырғыштар).	қыркүйек	ӘБ жетекшісі, сынып жетекшілер
8	Инклюзивті сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру.	Әр тоқсан	Усетаева Л.С.
9	ЖБ, ТЖБ –жоспарының кестесін тапсыру.	Жартыжылдық	Бастауыш сынып мұғалімдер.
10	ҚБ папкасын әзірлеу.	Әр тоқсан	Бастауыш сынып мұғалімдер.
11	Математика ,информатика сабағының берілуін бақылау	Қыркүйек-Қантар	ӘБ жетекшісі.
Қазан			
1	Дарынды, үлгерімі төмен оқушыларды анықтау. Олармен жұмыс ұйымдастыру.	Әр тоқсан	Бастауыш мұғалімдер психолог.
2	Оқушылардың дәптерлерің талапқа сай жүргізілуіне бақылау жасау.	жартыжылдық	Сынып жетекшілер
3	Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау	Тұрақты	Бастауыш сынып мұғалімдер.
4	Оқу жылдамдықтарын тексеру	Тұрақты	Бастауыш сынып мұғалімдер.
5	Оқушылардың бақылау жұмыс дәптерлерін тексеру.	Әр тоқсан сайын	ӘБ жетекшісі
6	ОЖСБ-ға дайындық, жоспар құру, папка әзірлеу.	Әр тоқсан	Усетаева Л.С.
Қараша			
1	Пәндер бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу	Ай ішінде	Бастауыш сынып мұғалімдер.
2	Оқушылардың көркем жазуын қадағалау	Тұрақты	ӘБ жетекшісі.

Желтоқсан

1	«Кітаппен өткен күн қызық». Оқушылардың сөздік қорын молайту, ұқыпты жазуға үйрету көрме.	Ай ішінде	Кітапханашы
2	Электрондық сынып журналдарының талапқа сай толтырылуы	Тұрақты	ӘБ жетекшісі.
3	«Шаңғы жолы» жарыс	Ай ішінде	Силам А.

Қаңтар

1	I – жартыжылдық есептерін, әр пән бойынша, мониторинг тапсыру, жеткен жетістіктері, өткізген жұмыстарына талдау.	Жартыжылдық	Бастауыш сынып жетекшілер.
2	Оқушылардың бақылау, диктант дәптерлерін тексеру.	Тұрақты	ӘБ жетекшісі
3	Әр сыныптың білім-білік бақылауын тексеру.	Жартыжылдық	ӘБ жетекшісі
4	Оқу жылдамдықтарын тексеру	Тұрақты	Сынып жетекшілер

Ақпан

1	Мектепішілік семинарларға, әдестемелік жиналыстарға қатысу	Тұрақты	Сынып жетекшілер
2	Жаратылыстану – математика, ағылшын және ақпараттық жүйе пәндері «XXI ғасыр нақты-ғылымдар дәуірі» Онкүндік	Ай ішінде	Сынып жетекшілер. ӘБ жетекшісі

Наурыз


1	«Аяулы анам» ертеңгілік	Ай ішінде	Бастауыш сынып мұғалімдері
2	Мектепте, сыныпта тазалық сақтау	Үнемі	Сынып жетекшілер
3	Шығармашылық пәндер апталығы «Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» өзін-өзі тану, музыка, көркем еңбек, денешынықтыру	Ай ішінде	Сынып жетекшілер

Сәуір

1	«Шахмат, дойбы» сайысы	Ай ішінде	Силам А.
2	Сабаққа қатысу іс – тәжірибе алмасу	Тұрақты	Сынып жетекшілер
4	Ашық есік күні ата – аналар сабаққа қатысуы	Ай ішінде	ӘБ жетекшісі, сынып жетекшілер
5	4 сыныптардың білім білік деңгейін тексеру, ашақ есік күндері	Ай ішінде	ӘБ жетекшісі.

Мамыр

1	ТЖБ – жұмыстарына модерация өткізу.	Ай ішінде	ӘБ жетекшісі, сынып жетекшілер
2	Оқу жылдамдықтары тексеру туралы сараптама.	Жартыжылдық	Сынып жетекшілер
2	«Қош бол бастауыш» ертеңгілік	14.05.21	Усетаева Л.С.
3	Мектеп жанындағы оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	Ай ішінде	ӘБ жетекшісі, сынып жетекшілер
4	Оқушылардың жеке іс- қағаздарын іс-қағаз жүргізушіге тапсыру	Ай соңында	Сынып жетекшілер
5	Келер 2020-2021 оқу жылына жоспар құру	Кесте бойынша	ӘБ жетекшісі, сынып жетекшілер

Бастауыш бірлестік жетекшісі:  Усетаева Л.С

Бастауыш сынып әдіс бірлестігінің 2020-2021 оқу жылына арналған
отырыстарының жоспары

I-отырыс /тамыз/

- 1.Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен таныстыру /ӘБЖ/
- 2.Бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық, күнтізбелік жоспарын талдау, қарау ашық сабақтар кестесін құру. /ӘБЖ/
- 3.Электрондық журналдарын толтыру бойынша нұсқаулықпен таныстыру./ӘБЖ/
4. Оқушылар қаншалықты оқулықтармен жабдықталы. /Кітапханашы есеп /
- 3.Ағымдағы мәселелер.

2-отырыс /қараша/

1. Оқушылардың оқу жылдамдығымен, коллеграфиялық нормаларын сақтау туралы анықтама. /ӘБЖ/
2. Кітапханашы «Менің сүйікті оқулығым» есеп. /Әлиева Ш.Ө./
- 3.Ағымдағы мәселелер.

3-отырыс /қантар/

1. Сынып жетекшілердің I-жартыжылдық есебі ,мониторингі. /Сынып жетекшілер/
2. Оқушылардың дәптерлерін тексеру қортындысы бойынша./ӘБЖ/
3. II жарты жылдыққа арналған әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын қарау, талдау, пәндер бойынша ашық сабақтарды талқылау.
4. Оқу жылдамдықтарының нәтижелері./ӘБЖ/

4-отырыс /сәуір/

1. Шығармашылық пәндер апталығының қортындысы / ӘБЖ /
2. Сынып жетекшілердің II-жартыжылдық есебі ,мониторингі. /Сынып жетекшілер/
3. Әдіс бірлестіктің жылдық жұмысының қорытындысы /ӘБЖ/
4. Онкүндік «XXI ғасыр нақты-ғылымдар дәуірі» он күндіктің сараптамасы.
5. Оқушылардың жазғы сауықтыру жұмыстарын жоспарлау /ӘБЖ/
6. 2021-2022 оқу жылына әдіс бірлестік жұмысын жоспарлау, оқу жылының жұмысын сараптау жаңа оқу жылына жоба жоспар әзірлеу /ӘБЖ сынып жетекшілер/

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік
отырысының № 1 хаттамасы
26 тамыз 2020 жыл**

Қатысты: 2
Қатыспады: 0

Күн тәртібі:

1. 2020-2021 оқу жылындағы ӘБ жұмысының есебі
2. 2020-2021 о.ж ҚР жалпы білім беретін мектептерінде және білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу.
3. Сыныптар бойынша факультатив сабақтарды қарастыру
4. Әдістемелік бірлестігінің жоспарын қарастыру

1 сұрақ.

Кім сөйледі: ӘБ жетекшісі Л.С.Усетаева сөйледі

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің 2019-2020 оқу жылындағы есебі тыңдалды. ӘБ мектепшілік жетістіктері, мұғалімдердің, оқушылардың жетістіктері туралы толық мәлімет айтылды.

2 сұрақ.

Кім сөйледі: директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ахатхан А.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

2020-2021 о.ж. ҚР жалпы білім беретін мектептерінде және білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы айтып шықты. Әдістемелік нұсқау хатпен нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен таныстырды.

3 сұрақ.

Кім сөйледі:

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:


2020-2021 оқу жылына ӘБ жоспарын құрастыру. Әр мұғалім өз пікірін айтты.

Дарынды және нашар оқитын оқушыларды анықтап олармен жұмыс істеу жоспарын құрастыру; мұғалімдердің шығармашылық тақырыптарын таңдау; ашық сабақтар кестесін құрастыру және т.б ұсыныстар айтылды. Барлық ұсыныстарды ескере отырып жылдық жұмыс жоспарына енгізілді.

ӘБ –тің шешімі:

1. 2019-2020 оқу жылының ӘБ жұмысы «қанағаттарлық» деп есептенсін.
2. Мемлекеттік стандартқа сай нұсқау хатта көрсетілген оқулықтар мен бағдарламалар қолданылсын.
3. ӘБ жұмыс жоспары бекітілсін.

ӘБ жетекшісі



(Усетаева Лазат Сериковна)

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік
отырысының № 2 хаттамасы
қараша 2020 жыл**

Қатысты: 2
Қатыспады: 0

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың оқу жылдамдығымен, коллеграфиялық нормаларын сақтау туралы анықтама. Усетаева Л.С
2. Кітапханашы «Менің сүйікті оқулығым» есеп Әлиева Ш.Ө.
3. Ағымды мәселелер.

1 сұрақ.

Кім сөйледі: ӘБ жетекшісі Л.С.Усетаева және бастауыш сынып мұғалімдері сөйледі.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

2-4 сыныптардың мұғалімдері 1 тоқсанның қорытындысын және бағдарламаның орындалуын туралы қысқаша айтып шықты. 1-тоқсанның қазақ тілі, математика пәндерінің оқу сапасы мен үлгерімі кестесі тапсырылды және оқу нормасы орындалады. Жазу коллеграфияға тоқталсақ қосымша жұмыс жасау керек. Барлық сыныптардың оқушылары 1 тоқсанның бағдарламасын меңгерді.

2 сұрақ.

Кім сөйледі: Әлиева Ш.Ө

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

Оқушылар қосымша әдебиеттерге қызық танытады. Қазіргі кезде балаларды көп қызықтырады ертегі кітаптары. Бірінші тоқсан аяқталғаннан кейін 30 пайыз оқулықтар балаларға тапсырылды.

3 сұрақ.


Кім сөйледі: ӘБ жетекшісі Усетаева Л.С.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

2,3,4 Бақылау жұмыстары бойынша әр сыныптың білім сапасы және үлгерімі жөнінде айтып шықты. Әр тоқсанның соңында оқу салыстыру динамикасы тексеріледі жұмыстар бойынша есептер тапсырылды.

ӘБ –тің шешімі:

1. Бастауыш сынып оқушыларының оқу, жазу нормасы үнемі қадағалауда болсын және қосымша тапсырмалар тапсырылсын.
2. Оқушыларға қосымша әдебиеттер тапсырылсын.
3. Бастауыш сынып оқушыларының оқу динамикасы жақсы деігейде сақталып, үлгерімі төмен балалармен қосымша жұмыс істеуге деген мақсат қойылсын. Оқушылардың білім деңгейін көтеру сынып мұғалімдеріне жүктелсін.

ӘБ жетекшісі  (Усетаева Лазат Сериковна)

ӘБ хатшысы _____ (Әлиева Ш.Ө)

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік
отырысының № 3 хаттамасы
қаңтар 2021 жыл**

Қатысты: 2

Қатыспады: 0

Күн тәртібі:

1. Сынып жетекшілердің I- жарты есебі , мониторинг /сынып жетекшілер/
2. Оқушылардың дәптерлерін тексеру қортындысы бойынша /ӘБЖ/
3. II – жарты жылдыққа арналған әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын қарау, талдау, пәндер бойынша ашық сабақтарды талқылау.
4. Оқу жылдамдықтарының нәтижелері. /ӘБЖ/

1 сұрақ.

Кім сөйледі: Бастауыш сынып мұғалімдері сөз сөйледі

Тақырыбы және қысқаша мазмұны: . әр сынып жетекші есеппен қоса сынып үлгерімі бойынша мониторинг тапсырды. Байқауымша тоқсандарды аутқу бар, мұғалімдер қосымша сабақтар ,тест, кеспе қағаздармен жұмыс жасалады.

2-4 сыныптардың мұғалімдері II тоқсанның қорытындысын және бағдарламаның орындалуын туралы қысқаша айтып шықты. II-тоқсанның қазақ тілі, математика пәндерінің оқу сапасы мен үлгерімі кестесі тапсырылды және I тоқсанның ЖБ және ТЖБ –лары салыстырылды. Барлық сыныптардың оқушылары II тоқсанның бағдарламасын меңгерді.

2 сұрақ.

Кім сөйледі: Оқушылардың дәптерлерін тексеру қортындысы бойынша /ӘБЖ/ .

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:


2,3,4 сынып оқушылардың бақылау,диктант дәптерлері тексеріліп келесі жұмыстар қажет. 2-4 сынып оқушылармен қосымша жұмыс жүргізілгеннің нәтижесі анықталды оқушылардың жазулары жөнделді.

3 сұрақ.

Кім сөйледі: ӘБ жетекшісі. Усетаева Л.С.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

Оқушылардың дәптерлерін тексеру қортындысы бойынша айтып өтсем ,қыркүйек айында мұғалімдерге дәптердің сыртын және коллеграфия нормасын сақтауға нұсқаулықтар таныстырылды. Қысқаша тоқталып өтсем әр сыныпта дәптерлері тысталған, таза.

ӘБ жетекшісі  (Усетаева Лазат Сериковна)

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік
отырысының № 4 хаттамасы
сәуір 2021 жыл**

Қатысты: 2
Қатыспады: 0

Күн тәртібі:

1. Шығармашылық пәндер апталығының қортындысы./ӘБЖ/
2. Сынып жетекшілердің II-жартыжылдық есебі ,мониторингі /Сынып жетекшілер/.
3. Әдіс бірлестіктің жылдық жұмысының қортындысы./ӘБЖ/
4. Онкүндік «XXI ғасыр нақты –ғылымдар дәуірі» он күндіктің сараптамасы.
5. Оқушылардың жазғы сауықтыру жұмыстарын жоспарлау./ӘБЖ/
6. 2021-2022 оқу жылына әдіс бірлестік жұмысын жоспарлау, оқу жылының жұмысын сараптау жаңа оқу жылына жоба жоспар әзірлеу, /ӘБЖ сынып жетекшілер/

1 сұрақ.

Кім сөйледі: ӘБ жетекшісі Л.С.Усетаева және бастауыш сынып мұғалімдері сөйледі.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

Шығармашылық пәндер апталағы ойдағы өтті, балалар мен сынып жетекшілер белсенді ат салысты.

2 сұрақ.

Кім сөйледі. Сынып жетекшілердің II-жартыжылдық есебі ,мониторингі /Сынып жетекшілер/.

2-4 сыныптардың мұғалімдері IV тоқсанның қорытындысын және бағдарламаның орындалуын туралы есеп берді. IV-тоқсанның қазақ тілі, математика пәндерінің оқу сапасы мен үлгерімі кестесі тапсырылды және бақылау жұмыстармен салыстырылды. Барлық сыныптардың оқушылары IV тоқсанның бағдарламасын меңгерді.

3 сұрақ.

Кім сөйледі: ӘБЖ жетекшісі Усетаева Л.С.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

Бастауыш сыныптарында әкімшілік бақылау жұмыстары алынды. Бақылау жұмыстары бойынша әр сыныптың білім сапасы және үлгерімі жөнінде айтып шықты. Соның нәтижесі бойынша кемшіліктерін толық айтып, жазған анықтамасымен таныстырды.

4-5 сұрақ.

Кім сөйледі: ӘБЖ Усетаева Л.С.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

II – жарты жылдыққа арналған әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын қарау, талдау, пәндер бойынша ашық сабақтарды талқылау. Желтоқсан айында «Шаңғы жолы» ойын сабағы Силам А. «Аяулы анам» сынып жетекшілер. Онкүндік «XXI ғасыр нақты –ғылымдар дәуірі» осы керемет ауқымды іс-шаралар алдымызда.

6 сұрақ.

Кім сөйледі: ӘБ жетекшісі : Усетаева Л.С.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

I –жарты жылдық әдістемелік бірлестіктің жұмыс қорытындысы

Мақсатымыз: оқыту мен оқу үдірісінде мұғалімдердің кәсіби шеберлігін сапалы білімге бағыттау. 2020-2021 оқу жылына құрылған жоспарға сай жұмыс жүргізуге бағытталдық. Қыркүйек айында жылда өтетін тілдер мерекесіне арнап «Тіл мәртебесі- ел мәртебесі» апталығына бастауыш сыныптар, сыныптан тыс жұмыстарын жүргізді. 2-4 сыныптарда «Мың мақал, жүз бір жұмбақ» сайыс сабақ өткізген Усетаева Л.С.келесі керемет көрініс «Ертегілер елінде» оқушылар өздеріне ұнаған ертегілердің суретін салып сол бойынша әр бала өз пікірлерін айтты, және ерекше жалғасын жазды. Бұл онкүндіктен балалардың ойында қалатын ұлы Абай данасына арналған көз тардымды көрмесімен Әлиева Ш.Ө. қызы ұйымдастырған өз мәресіне жетті.

Міндетті түрде әр мұғалім ең бірінші бақылауда ұстайтын нәрсе ол негізгі пәндер бойынша, үлгерімі төмен, дарынды оқушылармен жұмыс папкалары құрылып жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылып жатыр.

Қыркүйек айында жас бүлдіршіндер мектеп табалдырғын аттағанан бастап міндетті түрде оқу нормасы тексеріліп мен өз еңсеме аламын, сол бойынша баланың қаншамалық білім деңгейі көтерілгені байқалады, сол бойынша мен тоқсаннан кейін мониторинг жүргізіп, есеп тапсырамын. Келесі мәселе оқушылардың жұмыс дәптерлері тексеріліп, осындай критерий бойынша тысталуы тиіс, әр сынып жетекші ақ тыспен, әр пәнге сәйкес мысалы математика тор, қазақ тілі жол парақшамен тысталуы тиіс. Сол критерийге сәйкес тапсырмалар орындалды.

1- тоқсан бойынша алынған БЖБ, және ТЖБ жұмыстары оқушылардың алдыңғы жылмен салыстырсақ сәл төмендеді себебі балалар қашықтақтан оқығаннан кейін үйде кейбір баланың орнына ата-анасы, әпкесі, ағасы тапсырмаларды орындап жіберіп отырды, ал мектепке келгенде бір- екі апта бойы оқушылармен нық жұмыстар, қосымша тапсырмалар беріліп жағдай түзелді. Бірақ өз байқауымша кейбір үздік оқушылар өз деңгейлерін сақтап қалмады, сондықтан негізгі пәндерден формотивтік бағалауға келгенде 7 балл ала бастады. БЖБ, ТЖБ жұмыстарын жақсы деңгейде

орындайды, бірақ жоғары деңгейге сай емес . Осы мәселелер бойынша ата-аналармен әңгіме жүргізіліп мәселе шешілді. Екінші тоқсан бойынша оқуда төмен түскен оқушылар байқалған жоқ, міндетті түрде БЖБ,ТЖБ жұмыстарын негізгі нұсқауға сайкес құрып алдына ала оқушылармен осы жұмыстарда келетін тапсырмаға ұқсас жұмыстар беріліп талдау жүргізіледі. Әр сынып жетекші тақырыпқа сай өзгерістер еңгізеді.

Сабақтан себепсіз қалу деген болмайды,міндетті түрде сынып жетекшіні әр ата-ана ескертіп отырады.

Сыныптан тыс жетістіктерімізге тоқталсақ 2-4 сыныптардың оқушыларын «Пони» интеллектуалдық байқауына қатыстырып 2сынып оқушысы Кушкентаев Сакен,және 3 сынып оқушысы Мейрамханұлы Алдияр, 3– орын алып дипломдармен марапатталды, қалған қатысқан оқушылар сертификаттармен. Интернет желісіне оқушыларды қатыстырып, көптеген сертификаттарымыз да бар.

Педагогикалық жолда тек осы істермен шектелмей, ғаламтор жүйесінде де өз тәжірибемізбен алмасып, өзге әріптестерімізбен қарым қатынас жасаймыз. Әсіресе «Елорда» «Инфоурок» «Айм мектеп» платформасынан көптеген ойын түрінде берілген тапсырмаларды , сабақтарға берілген презентацияларды сабақ үстінде және сабақтан тыс іс-шараларда қолданамыз.

Педагогикалық жолда бұрынғы мәселелер де жойылды. Ұстаздарға қол жетімді ресурстары да мол. Мысалы «Білім ленд» платформасына сабақ үстінде кіруге мүмкіншілік бар. Интернет пен компьютермен жабдықталған кабинеттеріміз казіргі тамда жақсы болды. Интербелсенді тақта арқылы өткізілген сабақтарға оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысады. Оқушыларға жеке пәннен білім беріп қана қою жеткіліксіз, оларды сабақ үстінде де, сыныптан тыс жұмыстарда да ғылымилыққа, өз беттерінше ізденуге, белгілі бір бағытқа, заман талабына сай бәсекелестікке қарсы тұра білуге баулуды өзіміздің маңызды міндетіміз деп ойлаймын. Аталмыш міндетіме қол жеткізу үшін заманауи жабдықталған кабинет пен қол жетімді ресурстар оң әсер етеді. Қандай мәселе болмасын жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде атқарылар жұмыс ауқымы өте көп, ал алда тұрған міндеттер оданда көп. Сол жолда еселі еңбегімдізді одан әрі жалғастыра беретініме сенімім мол.

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,
Сырлары көп сыртқа әлі шықпаған.
Шаршаса да осы жолдың бойында,
Қандай рақат,шын бақытын тапса адам.

«Ескенежал негізгі мектебі» КММ-нің
бастауыш әдістеме бірлестігінің жетекшісі
Усетаева Лазат Сериковна

Оқу жылының басында мақсат, міндеттері анықталып күнтізбелік жоспарлары қарастылып, бекітілді, жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетілді. Қыркүйек айында пән мұғалімдері тілдер онкүндігіне атсалысып ашық сабақтарын, сыныптан тыс жұмыстарын атқарды, жұмыстары бірден талданып, сараланып отырды. Ашық тәрбие сағаттарын әрбір сынып жетекшісі өз мерзімінде өткізуде. Бастауыш сыныптардың арасында мектепшілік олимпиадасы өтілді математика және қазақ тілі пәндер бойынша оқушылар жақсы нәтижелер көрсетті 1,2,3 орындарға иеленді. Бастауыш сыныптарында өтілген «Пони» пифагорда қонақта бастауыш сынып оқушылар қатыса отырып 2- сынып оқушысы Кушкентаев Сакен және 3 сынып оқушысы Мейрамхан Алдияр 3 орынға иеленді бұлда жақсы нәтиже. Мұғалімдер Халқы аралық интернет жүйесінде өтетін олимпиадаларға оқушыларды қатыстырып «Эрудит» интеллектуалдық білім сайтына 2,4 сынып оқушылар келесі марапаттауға ие болды «Әдебиеттік оқу» I –орын Кушкентаев Сакен, «Қазақ тілі пәнінен» Айболатұлы Таңжарық Диплом I орын, «Математика» I орын Касенова Аружан. 4 сынып оқушылары дәл осы интеллектуалдық олимпиадаға қатысып келесі пәндерден керемет нәтижеге ие болды «Әдебиеттік оқу» I-орын Байболат Сетергүл, «Қазақ тілі» Ерханат Нуртилек I орын. «Жаратылыстану» Қаби Мақсат I-орын. «Математика» I орын Жанболат Рукия. «Ұлы даланың ұстазы» Ыбрай Алтынсаринның 180 жылдығына орай Республикалық қашықтық олимпиадасына қатысып II дәрежелі диплом Кушкентаев Сакен. 2 сынып оқушысы. «БАЛДАУРЕН» Республикалық балалар мен жасөспірім сайты ұйымдастырған «Мұқағали оқулары» шығармашылық байқауына қатысып 2 сынып оқушысы Айболатұлы Таңжарық I орынмен марапатталды, «БАЛДАУРЕН» Республикалық балалар мен жасөспірім сайты ұйымдастырған «Мұқағали оқулары» шығармашылық байқауына қатысып 3 сынып оқушысы Айболат Бексұлтан I орынмен марапатталды, «БАЛДАУРЕН» Республикалық балалар мен жасөспірім сайты ұйымдастырған «Мұқағали оқулары» шығармашылық байқауына қатысып 4 сынып оқушысы Жанболат Рукия I орынмен марапатталды, «XXI- ғасыр нақты-ғылымдар дәуірі» онкүндік жоспар бойынша өтілді. Жауапты мұғалім Усетаева Л.С. оқушылардың сөздік қорларын молайту, білімдерін, біліктерін арттыру және жан – жақты логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру, апталық барысында оқушылардың тапқырлықтары байқалды. Онкүндікке барлық бастауыш мұғалімдері ашық сабақтарын, сыныптан тыс жұмыстарын уақытымен өткізді жұмыстары бірден талданып, сараланып отырды. Мектеп холлы керемет математикаға байланысты ребус, сөз жұмбақ , әртүрлі тапсырмалар дайындалып оқушылар

қызығып орындап отырды. «Аяулы анам» ертеңгілігі онлайн түрде жүргізілді оқушылар «VIVA» приложения арқылы дайындаған видео құттықтаулырды , төрт жолды өлеңдерін асыл аналарына, мұғалімдерге арнап группаларға жіберілді . Наурыз айында «Махаббат пен Шығармашылық » апталығы өтті. Балалар өздері дайындаған өлең жолдарын ортаға салып сайыс түрінде өтті. Ашық сабақтар музыка , таза ауада денешынықтыру пәнінен керемет ойын сабақтар әзірленді. Өзін-өзі тану «Достық қымбат өмірде»-ашық сабақ 2,4 сынып жетекшісі Усетаева Л.С. басшылығымен өткен, балалар керемет көз тартымды көріністер, ситуациялық сұрақтар дайындап қарама-қайшы сұрақтар қойылды. Жалпы апталық бойынша айтсам жақсы өтті апталықта барлық оқушылар өз белсенділіктерін көрсете білді. Апталық тартымды , қызықты өтті.

Сәуір айында оқушылар арасында мектеп ішкілік «Шахмат,дойбы » сайысы Силам Ашимбек, тоқталып өтсем өзін ерекше көрсеткен оқушы Жанболат Рукия 4-сынып оқушысы.

Әр тоқсан сайын міндетті түрде бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың оқу нормасын тексеріп отырады.

2-сынып. 3 оқушы 2 оқушы толық норманы орындайды, ал бір оқушы оқуы жақсы тек асықпай мәнерлеп оқиды.

3-сынып 7 оқушы 4 оқушы оқу нормасын орындайды ал 3 оқушының оқу нормасы орташа.

4-сынып 4 оқушы 3 бала оқу нормасы жақсы, ал 1 бала оқу нормасы төмен.

«Қош бол бастауышым» -ертеңгілік өтті міндетті түрде санитарлық норма сақталып, оқушылар ата-аналар маска киіп қашықтық сақталды. Балалар би, өлең , көрініс ұйымдастырып соңында дипломдармен марапатталды.

Міндетті түрде тоқсан аяқталып 24.05.21 күні бастауыш сыныптарда ТЖБ модерация жүргізіледі, ешқандай сыныптарды ауытқу болмады.

Бастауыш сынып мұғалімдері өзара сабаққа кіріп, тәжірибемен алмасады.

Мектепшілік іс- шараларда бастауыш сынып мұғалімдері уақытымен өткізіп және оқушылардың барлығы түгелдей қатысып, белсенділік танытты.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда оқу тәрбие жұмысы біршама жоғары дәрежеде өтті деп есептеуге болады. Бастауыш бірлестігінің жетекшісі ретінде мұғалімдердің сабақтарына қатысып, ұсыныстар айтылууда.